«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
(Қазақстан Республикасы)
және
«Әзербайжан тарихы» Ұлттық музейі»
мемлекеттік мекемесі
(Әзербайжан Республикасы)
арасындағы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

«___»_____ 2026 жыл

Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттарын мойындай отырып, Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының мәдениет туралы заңнамаларына, сондай-ақ мәдениет саласындағы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сүйене отырып,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін, директоры **Дәкенов Ерлан Ерғазыұлы**, бір тараптан және

Әзербайжан Республикасының Мәдениет министрлігіне қарасты «Әзербайжан тарихы» Ұлттық музейі мемлекеттік мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін, директоры **Наиля Мамедали гызы Валиханлы,** екінші тараптан, (бұдан әрі «Тараптар»),

мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау, сондай-ақ ғылыми және мәдени байланыстарды тереңдету мақсатындағы өзара ынтымақтастыққа екіжақты қызығушылықты негізге ала отырып, осы ынтымақтастық туралы Меморандумды (бұдан әрі - Меморандум) жасасты және төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар өзара тиімді ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай жасауға ниетті және оны келесі бағыттарда жүзеге асырады:

1.1. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдамалар шеңберінде ғалымдар мен мамандармен алмасу;

1.2. ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық жобаларды бірлесе әзірлеу және іске асыру;

1.3. мәдениет, тарих, өнер және музей ісі салаларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындау бойынша консультациялар өткізу;

1.4. бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен симпозиумдарға қатысу және оларды ұйымдастыру;

1.5. бірлескен ғылыми бағдарламаларды ұйымдастыру, сондай-ақ тарих, өнер және музей ісі салаларындағы материалдармен және нәтижелермен (жетістіктермен) өзара алмасу;

1.6. жұмыс кездесулері мен көрмелер ұйымдастыру;

1.7. ғылыми ақпаратпен, құжаттамамен, әдебиетпен және библиографиялық басылымдармен алмасу;

1.8. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамаларына қайшы келмейтін өзге де ынтымақтастық нысандарын пайдалану.

2-бап

Тараптар ғылыми және мәдени-ағартушылық бағыттағы, өзекті және екі Тарап үшін де маңызды жобаларға ерекше басымдық беруге келісті. Ынтымақтастық бағыттары мен тақырыптарының тізімі ағымдағы жылдың соңына дейін келесі жылға арналып әзірленеді және Тараптардың келісімі бойынша толықтырылуы немесе нақтылануы мүмкін.

3-бап

Меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын мәдени бағдарламалар мен жобалардың нақты орындалуы және қаржыландырылуы жеке келісімдер негізінде жүзеге асырылатындығына Тараптар келісті.

Егер Тараптар өзге тәртіп туралы келіспесе, бір Тарап әзірлеген зияткерлік меншік объектілері сол Тараптың меншігі болып қалады. Тараптар бірлесіп әзірлеген зияткерлік меншік объектілеріне меншік құқығы жеке шарттармен реттеледі.

4-бап

Осы Меморандумды орындау немесе оған өзгерістер енгізу барысында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының заңнамаларына сәйкес қаралады.

5-бап

Осы Меморандумға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімі бойынша жасалып, Меморандумның

ажырамас бөлігі болып табылады. Тараптар Меморандум шарттарын тең дәрежеде және бірдей жауапкершілікпен орындауға міндетті. Меморандум ережелерін түсіндіруде күмән туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара талқылап, ынтымақтастық пен жауапкершілік рухында ортақ шешімге келеді.

6-бап

Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады. Бұл мерзім аяқталғаннан кейін Меморандумның қолданылу мерзімі Тараптардың бірі басқа Тарапты жазбаша түрде мерзім аяқталғанға дейін екі ай бұрын хабардар етпеген жағдайда автоматты түрде ұзартылып отырады.

Меморандумның қолданылуы тоқтатылған жағдайда, оның негізінде жоспарланған барлық жобалар мен іс-шаралар осы Меморандум шеңберінде жасалған жеке келісімдер мен шарттардың талаптарына сәйкес аяқталуға тиіс.

7-бап

Осы Меморандум 2026 жылғы «___» _____ күні үш тілде – әзербайжан, қазақ және орыс тілдерінде алты дана жасалды, олардың әр Тарапқа үш данасы берілді.

Әзербайжан Республикасы, Баку қаласы, Тагиева көшесі, 4	**Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Әмір Темір көшесі, 53 А**
«Әзербайжан тарихы» Ұлттық музейі мемлекеттік мекемесі Директоры:	**«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Директоры:**
_____академик Н.М.Велиханлы	**_____Е.Е.Дәкенов**